ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

19 наурыз 2024 жыл №4712-24-00-2/610 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының "Тіл" оқу-әдістемелік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер “Мурадалиев” атынан әрекет етуші Мурадалиев Елтай Закариевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының "Тіл" оқу-әдістемелік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер “Мурадалиев” атынан әрекет етуші Мурадалиев Елтай Закариевичке келтірген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер “Мурадалиев” атынан әрекет етуші Мурадалиев Елтай Закариевич мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер “Мурадалиев” атынан әрекет етуші Мурадалиев Елтай Закариевичтен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 27.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2024, судья Тленов А. Ш., 13.05.2024

4712-24-3-1/484